

Төреқұл С.,
Мухамедиева Н.Б.
**«Қазақ газеттері» ЖШС-нің
ақпарат кеңістігіндегі алар
орны мен болашағы**

Torekhul S.,
Muhamedyeva N.B.
**Location and future LLP
«Kazakh gazetteri» in the
information space**

Төреқұл С.,
Мухамедиева Н.Б.
**Место и будущее ТОО
«Қазақ газеттері» в информа-
ционном пространстве**

«Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы Президент Н.Ә. Назарбаевтың 1999 жылғы 11 наурыздағы № 538 Шешімімен құрылды. Ірі медиахолдинг қоғам мен мемлекет мүддесі үшін қызмет атқарады. Қазіргі таңда медиахолдинг құрамына «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Үйғур авазы», «Экономика» газеттері, «Ақиқат», «Жұлдыз», «Жалын», Простор», «Үркер», «Мысль» журналдары кіреді. Бұл басылымдарда тіл, тарих, әдебиет, мәдениет, адамгершілік құндылықтары мәселелері қозғалады. Басылым егемен мемлекеттің саясатын, ашық азаматтық қоғам құрылысын насихаттайды. Бұл мақалада «Қазақ газеттері» ЖШС-нің ақпараттық кеңістіктегі алар орны мен болашағы қарастырылады.

Түйін сөздер: «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы, медиахолдинг, ақпараттық кеңістік, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Үйғур авазы», «Экономика» газеттері, «Ақиқат», «Жұлдыз», «Жалын», «Простор», «Үркер», «Мысль» журналдары.

Closed joint-stock company «Kazakh Newspapers» was created by Decision No 538 of the President N.A. Nazarbayev on March 11, 1999. The large media group operates in the interests of society and the state. Today, the media holding includes newspapers «Ana tili», «Kazakh adebiyeti», «Uyghur Avazi», «Economy», magazines «Akikat», «Zhuldyz», «Zhalyn» «Prostor», «Urker». «Thought» which highlights the problem of language, history, literature, culture and moral values. Publications promoting a policy of a sovereign state, the construction of an open civil society. This article examines the place and future of LLC «Kazakh Newspapers» in the information space.

Key words: «Kazakh Newspapers» closed joint-stock company, the media holding, the information space, «Ana tili», «Kazakh adebiyeti», «Uyghur Avazi», «Economy», «Akikat», «Zhuldyz», «Zhalyn» «Prostor», «Urker».

Закрытое акционерное общество «Қазақ газеттері» было создано решением Президента Н.А. Назарбаева № 538 от 11 марта 1999 года. Крупный медиахолдинг работает в интересах общества и государства. Сегодня в состав медиахолдинга входят газеты «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Үйғур авазы», «Экономика», журналы «Ақиқат», «Жұлдыз», «Жалын», «Простор», «Үркер» «Мысль», в которых освещаются проблемы языка, истории, литературы, культуры, нравственных ценностей. Издания пропагандируют политику суверенного государства, строительства открытого гражданского общества. В данной статье рассматривается место и будущее ТОО «Қазақ газеттері» в информационном пространстве.

Ключевые слова: Закрытое акционерное общество «Қазақ газеттері», медиахолдинг, информационное пространство, «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Үйғур авазы», «Экономика», журналы «Ақиқат», «Жұлдыз», «Жалын», «Простор», «Үркер» «Мысль».

**«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
ЖШС-НІҢ АҚПАРАТ
КЕҢІСТІГІНДЕГІ АЛАР
ОРНЫ МЕН
БОЛАШАҒЫ**

Бүгінгі жаһандану тенденцияларының негізі ақпараттық технологиялардың дамуынан серпін алғаны бәрімізге аян. Осыған орай күнделікті өмірде ақпараттық кеңістік, ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық соғыс сынды терминдер қалыптасқан жағдайға айнала бастады. Өз кезегінде әлемдік құрылымның бөлшегі және тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы да өзіндік ақпараттық кеңістігін қалыптастырып оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстарды белсенді түрде қолға ала бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар 1997 жылы қазан айында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған «Қазақстан-2030» стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасынан кейін жүйелі түрде жүргізіле бастады. Осы іс-әрекеттердің бір жемісі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 11 наурыздағы № 538 Қос өкімі бойынша «Қазақ әдебиеті», «Ұйғур авазы», «Ана тілі», «Қазақ елі» газеттері және «Жұлдыз», «Жалын», «Простор», «Ақиқат», «Мысль» журналдары негізінде құрылған «Қазақ газеттері» Жабық акционерлік қоғамын атай аламыз. Әрине, кейіннен әртүрлі саяси-құқықтық өзгерістер нәтижесінде «Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне айналған медиахолдинг өзінің алғашқы маңызын күннен-күнге арттырмаса кеміте қойған жоқ. Себебі, қазіргі таңда «Қазақ газеттері» ЖШС-нің құрамында тұрақты түрде «Ана тілі», «Ұйғыр авазы», «Экономика» газеттері мен «Ақиқат», «Үркер» және «Мысль» журналдары жұмыс істеп, тәуелсіз еліміздің тақырыптық-салалық басылымдарының дамуына өзіндік үлесін қосып отыр. Оның негізгі артықшылығы да осында, яғни ақпараттық кеңістіктің жан-жақты саласын қамтып ақпараттық ағындағы оқырманға қажетті ақпараттарды іріктеп жеткізе білуінде болса керек.

Жалпы «Қазақ газеттері» ЖШС-не енетін мерзімді басылымдар салалық басылымдарға жатады. Салалық басылымдар дегеніміз – тек бір ғана салаға арналған газет немесе журнал [1] болып табылады. Ал, бүгінгі ақпарат арнасынан тасып жатқан заманда салалық басылымдардың маңызы бұрынғыдан да арта түспек. Тіпті, қазіргі қабілет-қарымы жеткілікті дәрежеде дамыған оқырман өздерінің мүддесі, талғамы, мәдениеті мен

білімділік деңгейіне сай басылымды таңдайды және өз қызығушылығына қытысты мерзімді басылымдарды ғана оқиды. Соған сай, әр басылымның қоғамда өз орны, тұрақты аудиториясы мен атқаратын миссиясы, көтеретін жүгі балады. Осы орайда «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бірнеше маңызды, оқырманға қызықты салаларды қамтып, әртүрлі деңгейде жан-жақты тақырыптарды талқылайтын жеке-жеке алаң жасап, ақпарат тарата алып отырғанын көреміз. Сөзіміз дәйекті, әрі дәлелді болуы үшін «Қазақ газеттері» ЖШС-нің құрамына енетін мерзімді басылымдардың қызметін жеке-жеке талдап көруді жөн болар.

«Ана тілі» газеті:

Республикалық «Ана тілі» газеті алғаш рет тәуелсіздіктің жылымығы есе бастаған 1990 жылы, наурыздың 22-сінде жарық көрді. Газеттің негізгі бағыты мемлекеттік тілді насихаттау, ұлтқа қатысты кез келген күрмеулі мәселелерді көтеріп, шешімін табуға атсалысу боып табылады. Алғашқы санынан бүгінгі күнге дейін қазақтың тілі, қазақтың ауылы, қазақ мектебі, балабақшасы, қазақ жастары, қазақ ғылымы, т.б. көптеген тақырыптар басылым беттерінен түсіп көрген емес. Бүгінгі таңда газет 20 000-нан астам таралыммен, төрт түрлі түспен, 12 бет А2 форматпен жарық көруде. Айта кетерлік тағы бір жайт «Ана тілі» газеті Республикадағы тіл тақырыбында шығатын ресми жалғыз басылым болып табылады [2].

«Экономика» газеті:

«Экономика» газеті 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақстандағы тұңғыш апталық экономикалық басылым ретінде қазақ және орыс тілінде жарық көріп келеді. Ол басқа да қажеттіліктермен бірге негізінен қазақтілді оқырмандардың экономикалық сипаттағы ақпараттарға деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Еліміздің ақпарат кеңістігінде бұл тұс іс жүзінде осы күнге дейін бос тұрған еді. Сол себепті де газет уақыттың өзі қойған талапқа сай өмірге келді [3]. Газет аптасына бір рет 5000 данамен жарық көріп отыр.

«Ұйғур авазы» газеті:

«Ұйғур авазы» газетінің негізі 1957 жылы 1 наурызда қаланған. Сол кездегі заман талабына сай оған «Коммунизм туғи» («Коммунизм туы») деген атау беріліп, ол 1991 жылға дейін сол атаумен шығып келді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін газет атауы журналистер және көпшіліктің қолдауымен «Ұйғур авазы» («Ұйғыр дауысы») болып өзгертілді. «Ұйғур авазы» еліміздегі басқа қоғамдық-саяси бағыттағы басылымдар сияқты республикадағы саяси тұрақтылықты, ұлтаралық келісім мен

достықты, еларалық ынтымақты, бейбіт өмірді уағыздап, қоғамдық пікірдің қалыптасуына септігін тигізіп келе жатқан байсалды газет болып табылады. Газеттің бүгінгі таңдағы таралымы он бес мыңды құрап отыр [4].

«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы

«Ақиқат» журналы алғаш 1921 жылдың 15 қыркүйегінде Орынборда «Қызыл Қазақстан» деген атпен жарық көрген. 1921 жылы шыққан журналдың алғашқы сандарында ұлттық сипаттағы өзекті-өзекті мәселелер көтеріледі. 1991 жылдың қыркүйек айынан бастап журнал «Ақиқат» деген атпен шығып келеді. Қазіргі таңда «Ақиқат» журналы қоғам дамуының маңызды тұстары, соның ішінде саясат, тарих, философия, экономика, мәдениет және филология салаларындағы өзекті мәселелерді уақытылы көтеріп, маңызды да ғылыми құнды мақалалардың жарық көруімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда журнал ай сайын 3000 данамен жарық көріп отыр [5].

«Үркер» журналы:

«Үркер» қоғамдық-саяси, әдеби журналының тұсауы 2008 жылы роман-газет болып кесілген. 2009 жылдан бастап жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси басылымы болып жаңа мазмұнда оқырманға жол тартты. Негізгі жұмыс бағыты жастар шығармашылығын оқырманға кеңінен насихаттау болып табылады. Әзірше бұл басылым осы мақсатта ауқымды жұмыс істеп келе жатқан бірден-бір басылым. Журнал ай сайын, түрлі-түсті мұқабамен 52 бет, 5000 дана боп жарыққа шығады [6].

«Мысль» республикалық қоғамдық-саяси журналы: Журнал алғаш рет «Известия бюро Киркрая» деген атпен 1920 жылдан бастап жарық көре бастады. Кейіннен дәуір тынысына қарай қарай әртүрлі атпен шығып отырған журнал 1992 жылдан бастап «Мысль» деген атпен жарық көре бастады. Журналдағы мақалалар бүгінгі саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени процестерді өзінің объективті әрі терең талдай алумен ерекшелінеді. Журнал айына бір рет 2000 данамен жарық көреді [7].

Жалпы алғанда жоғарыдағы мәліметтер нәтижесінде «Қазақ газеттері» ЖШС-нің ай сайын 10 мыңнан астам таралыммен үш түрлі журналды және 160 мыңнан астам таралыммен жан-жақты тақырыптарды көтеретін үш газетті шығарып отыр. Әрине, қазіргі ақпараттық сайттардың жедел дамуы, ақпараттың жылдам тарауы және олардың жалпыға ортақ қолжетімділігі артып отырған заманда мерзімді басылымдардың ақпараттық кеңістіктегі орнын

анықтау үшін олардың таралымын ғана саралау аздық ететіні анық. Бұл орай да «Қазақ газеттері» ЖШС-не енетін мерзімді басылымдардың барлығының да жеке сайттары бар және жұмыс істеп тұрғандығы оның ақпараттық кеңістікте жаңа технологияларға бейімділігін танытып ықпалын арттырып отыр.

«Қазақ газеттері» ЖШС құрамындағы мерзімді басылымдар жоғарыда айтқанымыздай салалық басылымдар болып табылады. Ал, бүгінгі журналистика теориясында салалық басылымдар «аудиторияның ерекшелігіне, жарияланымдардағы проблеманың көтерілу деңгейіне, тиражы мен стиліне, басылымның безендірілуіне қарай топтық және бұқаралық» [8, 86 б] болып екіге бөлінеді. Топтық салалық басылымдарға мәселеге байсалдылық көзқарас, баяндау стилі, тіпті теориялық-ғылыми тұрғыдан қарастыру тән болса («Парасат» республикалық әдеби-көркем безендірілген журналы, «Мәдениет» мәдени-сараптамалық журналы, «Мәдени мұра – Культурное Наследие» мәдени-танымдық және ғылыми-көпшілік журналы, «Музыка әлемінде – В мире музыки» журналы т.б.), бұқаралық салалық басылымдар көбінесе креативті қызмет атқарумен, яғни ойнақылық пен оқырмандардың көңілін көтеру мақсатымен ерекшеленеді («Той әлемі» республикалық мәдени-танымдық журналы, «Жұлдыздар отбасы», «Өнер әлемі» журналдары т.б.) [1]. «Қазақ газеттері» ЖШС-нің құрамына енетін «Экономика», «Ұйғур авазы» газеттері мен «Үркер», «Мысль» журналдарының әрқайсысы өзіндік оқырмандары бар топтық салалық басылымдарға жататыны белгілі. Бұл олардың қоғамның белгілі-бір бөлігін қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп, мемлекеттік саясатты насихаттау жұмысында нәтижелі жұмыс жасап отырғандығын көрсетеді. «Ұйғур авазы» газеті ұйғыр тілді бірден-бір ресми басылым екенін ескерсек ұлтаралық түсіністік пен келісімнің орнауында үлкен рөл атқаратынын көреміз. «Экономика» газетінің де экономика саласына бейімделген республикалық бірден-бір газет екендігі оның еліміздің ақпарат кеңістігінде елеулі орын атқарып, тақырыптық салалық газеттердің көшбасшысы ретінде атауымызға толық құқық беретіні ақиқат. Себебі, Елбасымыздың «Әуелі экономика, кейін саясат» ұстанымының да осы тұжырымымыздың орынды екендігін көрсетіп отырғанын байқаймыз. Ал, «Үркер» журналы тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ әдебиетінің тынысын кеңейтіп, көптеген жас таланттардың алғаш қанат қағуына септігін тигізген маңызды басылым болып қалыптасып келе

жатқанын көріп отырмыз. «Мысль» журналы да өзінің құнды мазмұнымен, аналитикалық талдау қарымымен бүгінде барынша сұранысқа ие журналдардың бірі болып табылады. Бұлардан бөлек «Қазақ газеттері» ЖШС-нің құрамына енетін «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы мен «Ана тілі» ұлт газетінің еліміздегі ақпараттық кеңістікте алатын орны орасан зор. Себебі, республика бойынша өзекті әрі қоғамдық-әлеуметтік маңызы бар мәселелерді, идеологиялық, рухани тақырыптарды талқылаудың маңызды алаңдары ретінде мойындалған газет-журналдардың алғашқы легінде жоғарыда аталған газет-журналдар тұратындығы ақиқат.

«Қазақ газеттері» ЖШС-нің еліміздің ақпарат кеңістігіндегі болашағына келетін болсақ екі ұшты мәселеге жолығамыз. Біріншісі әлемдік тәжірибедегі медиахолдингтердің сәтті жұмысы болса, екіншісі мемлекеттік қаржыға тәуелділіктің бәсекеге қабілеттілікке жасалатын әсері болмақ. Әлемдік тәжірибеде әртүрлі салалық баспаларды, бірнеше ақпараттық телеарналарды, жарнама агенттіктерін бір орталыққа бағындырып үлкен медиакорпорацияларды құрған және нәтижелі жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар баршылық. Олардың тек бір мемлекет емес әлемдік ақпараттық кеңістікте доминанттылық орнатып отырғанын көріп отырмыз. Бұл қатарға ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық профилдегі кино, телеарна, ғаламтор, мерзімді басылымдарды қамтитын, жылдық бюджеті 44 млрд. долларды құрайтын «Time Warner» медиахолдингі, кабельді және спутникті телеарналардан тұратын, жылдық қаржы айналымы 14 млрд. доллардан асып жығылатын «Viacom» американдық медиаконгломеранты және өзінде «20th Century Fox» компаниясы, «Fox News» телеарнасы, «DTH» спутниктік операторы, «BskyB», «Sky Deutschland», «Sky Italia», «Foxtel» арналары, «Dow Jones» ақпараттық агенттігі («Factiva» қызметін қоса есептегенде), «The Wall Street Journal», «The Times», «The Sun и New York Post» газеттері сынды алыптарды қамтитын, жылдық қаржы айналымы 32 млрд. долларды құрайтын «News Corporation» халықаралық медиахолдингін атай аламыз. Аталған компаниялардың барлығы жеке меншік, ашық акционерлік қоғамдар, ал «Қазақ газеттері» ЖШС-нің толық мемлекеттік мекеме екендігін ескеріп оны тікелей жоғарыда аталып өткен медиахолдингтермен салыстыру белгілі-бір шарттылықтарға ғана сүйенетіндігі белгілі. Жеке кәсіпкерге немесе белгілі-бір пайданы көздеген акционерлерге тиесілі корпорациялар мемлекеттік мекемелерге қарағанда тынысы әл-

декайда кең екендігін бәріміз білеміз. Сондықтан, болашақ перспективасы жайлы сөз болғанда жеке меншік мекемелерде мүмкіндік көп болады. Бірақ бұл мемлекет меншігіндегі мекемелердің болашағы бұлыңғыр дегені емес, әрине. Мемлекет меншігіндегі мекемелердің де өзіндік артықшылықтарға ие екендігін айтып өтуіміз тиіс. Оларда негізінен шығынға ұшырау, сыртқы экономикалық факторларға тәуелділік, қаржы жетіспеушілігі сынды қауіп жоққа тән. Бұл олардың ұзақ мерзімді болашағына кепілдік береді. Алайда, бір жағынан артықшылық ретінде қабылданатын ерекшеліктер тиімді қолданылмаса кемшілікке айналып кететін жағдайлар да болады. Мысалы, болашаққа, ертеңгі күнге деген кепілдік жаңашылдыққа, оқырман сұранысына қарай жұмыс істеу сынды қажеттіліктерге селкостықпен қарауға итермелейді. Дегенмен бұлардың бәрі пайымдау, болуы мүмкін дүниелер

тізбегі және алдын ала сақтандыру ғана. Қазіргі таңда «Қазақ газеттері» ЖШС барынша заман және оқырман талабына сай болуға тырысып жатқандығын оның құрамындағы газет-журналдардың жүргізіп жатқан жұмыстарынан, ендіріп жатқан жаңалықтарынан айқын көріп отырмыз.

Қорыта келгенде, кезінде «қазақ руханиятына қалтқысыз қызмет еткен ұлт басылымдарын сақтап қалудың амалы» (Жұмабек Кенжалин) ретінде ғана құрылған «Қазақ газеттері» ЖШС ендігі уақытта еліміздің ақпараттық кеңістігінде өзіндік орны мен ықпалы бар ірі орталыққа айналып та үлгерді. Ал, оның ендігі бағыты барынша орталықтанған басқару жүйесі арқылы еліміздің ақпараттық кеңістігіндегі игерілмей жатқан жаңа салаларды қолға алуға қарай жұмылдырылса, болашақта халықаралық дәрежедегі жаңа медиахолдингтің қалыптасуы мүмкіншілігіне күмән келтірмесек те болады.

Әдебиеттер

1. <http://repository.enu.kz/> М.Б.Шындалиева. Қазақ баспасөзіндегі салалық басылымдарының қалыптасуы, дамуы.
2. <http://anatili.kazgazeta.kz/>
3. <http://economics.kazgazeta.kz/>
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/> «Уйғур авази» – достыққа дәнекер
5. <http://akikat.kazgazeta.kz/>
6. <http://urker.kazgazeta.kz/>
7. <http://mysl.kazgazeta.kz/>
8. Кройчик Л. Е. Основы творческой деятельности журналиста. – Москва, 1997.

References

1. <http://repository.enu.kz/> M.B. Shundaliev. Kazakh baspasozindegi salalykh basylymdaryning khalyptasyi, damwi.
2. <http://anatili.kazgazeta.kz/>
3. <http://economics.kazgazeta.kz/>
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/> «Uigyr abazi» – dostykha daneker
5. <http://akikat.kazgazeta.kz/>
6. <http://urker.kazgazeta.kz/>
7. <http://mysl.kazgazeta.kz/>
8. Kroishik L.E. Osnovy tvorsheskoj deyatelnosti jurnalista. – Moskva, 1997.